



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

бейнеленген. Бұл жаңа заман баласының тарихындағы жарқын белестің бірі деп қабылдадым. Білімге ерекше көңіл бөлуі ойшыл дүниетанымының ең басты ерекшелігі деген ойға келдім. Осы мақаланы жазу барысында ағартушы туралы біраз мәліметтерге куә болдым. Орыс оқымыстысы Н.Ильминский қазақтардың ортасында қазақ тілін үйреніп алыпты. [7, б. 23–25] Ол өзінің «Алтынсарин туралы естеліктер» атты кітабында «Мен оған шын ықыласыммен брiлдiм, орыс тiлiнiң қазақтар үшiн де керек екенiн алғашқы сезiнгендердiң бiрi болды» деп жазған екен. Иә, бүгiнгi күнi ұлт ұстазының арманы түгелдей дерлiк орындалған секiлдi. Өз алдына ұлттық мектептер кеңейiп, бәсекеге қабiлеттi шәкiрттерiн тәрбиелейтiн бiлiктi iзбасарлары көбейдi. Мен де соның бiрiмiн. «Бiлiм ғана жүрекке шырақ жағар» демекшi, кез – келген бәсекеге тек бiлiм арқылы қарсы тұра аламыз. Сол үшiн үнеми кәсiби бiлiктiлiгiмiздi шыңдай түсiп, көпсөздiлiктен арылып, жаңалық жаршысы болуымыз тиiс. Мәселен, бұған өзiмнiң жетiстiкке қолым жеткен сәтiмде көзiм анық жеттi. Яғни, терең бiлiмдi болсаң ғана жеңiс тұғырынан көрiне аласың. Бүгiнгi таңда Ыбырай атаның шығармалары маңызын жойған емес. Қайта мол мұрасы мектеп игiлiгiне жарап, бiздi терең бiлiммен сусындатып келедi дегiм келедi. Ұлылықтың басында ұстаз тұрар демекшi, ағартушының мұрасын бүгiнгi ұрпаққа жеткiзу борышым деп бiлемiн.

Әдебиеттер тiзiмi:

1. Аңыз адам журналы 2020 ж № 4, 23 – 26 б
2. Әуезов М. Ыбырай естелiгi 2020 ж №6, 25 – 28 бет
3. Әлемдiк педагогикалық ой – сана: 2020 ж 38 – 39 бет
4. Бiлiм шыңы газетi 2020 ж №5, 26 – 27 бет
5. Бiлiмдi ел журналы 2020 ж №4, 15 – 16 бет
6. Жаңа бiлiм журналы 2020 ж №4, 27 – 29
7. Қазақстан мектебi 2021 ж №5, 11 – 14 бет

ӘОЖ 37.034

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫБЫРАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Ахметова Жадра Жумагалиевна
директодың оқу жұмысы жөнiндегi орынбасары
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжi» КМҚК
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: zhadra.ahmetova@mail.ru*

Аңдатпа

Өзектiлiгi. Ыбырай Алтынсарин өнегелi iсiмен тарихта аты қалып, халыққа өнер – бiлiм таратуда өлшеусiз еңбек сiңiрген ағарту саласын жаңа сатыға көтерген биiк тұлға. Ол нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, өмiр шындығын озық идея тұрғысынан таныта бiлген өз уақытының қажырлы қоғам қайраткерi, өз заманының аса маңызды мәселелерiн көтерiп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы болғандығы қай заманда болмасын жастарымызға үлгiболып, мұраларының қазiргi кезге дейiн өз өзектiлiгiн жоймай келе жатқанының куәгерi болып отырмыз. Ыбырай мұрасын кейiнгi ұрпақ дәрiптeп, асқақтата жырлайды. Бұл ақынның асыл армандарының iске асқанының көрiнiсi.

Түйiндi сөздер: тұлға, педагог, тәрбие, құндылық, ағартушы.

Аннотация

Актуальность. Ибрай Алтынсарин – человек, который своим нравственным поступком вошел в историю и внес неоценимый вклад в популяризацию искусства и образования для народа. Он был подлинным народным писателем, просветителем, неутомимым общественным деятелем своего времени, поднимающим важнейшие проблемы своего времени, поэтом – новатором, неустанным предвестником этого нового, и мы являемся свидетелями того, как его наследие до сих пор не теряет своей актуальности. Наследие Ибрая прославляется и воспевается последующими поколениями. Это воплощение благородных мечтаний поэта.

Ключевые слова: личность, педагог, воспитание, ценность, просветитель.

Abstract

Relevance. Ibray Altynsarin is a man who made history with his moral act and made an invaluable contribution to the popularization of art and education for the people. He was a genuine folk writer, an educator, a tireless public figure of his time, raising the most important problems of his time, a poet – innovator, a tireless harbinger of this new, and we are witnessing how his legacy still does not lose its relevance. Ibray's legacy is celebrated and celebrated by subsequent generations. This is the embodiment of the noble dreams of the poet.

Key words: personality, teacher, education, value, educator.

Күллі қазақ даласына білім нұрын шашқан, қара халықтың дархан даласына білім қоңырауын соққан Ыбырай есімін әр қазақ біледі. Ыбырай Алтынсарин – халықшыл жазушы, өмір шындығын

терең суреттей білген суреткер, заманының елеулі мәселесін көтерген қоғам қайраткері, ұлт ұстазы. Ыбырай атамның қажырлы еңбегі, күресі арқасында қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілді. Атамның айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. Ы.Алтынсариннің бастаған жолы осы уақытқа дейін жалғасуда. Елімізде барлық бүлдіршіндер жыл сайын мектеп табалдырығын аттап, он бір жылдық білім алып, үлкен азамат болып жаңа өмір есігін ашуда.

Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамына қандай өзгерістер енгізді? Қарапайым халықты сауаттандыру арқылы қараңғы қазақтың көзін ашу, білім беру арқылы жаңаша көзқарасты қалыптастырды. «Өнер – білім бар жұрттар» өлеңіндегі дамыған елдер деңгейіне талпыну, озық, білімді ел құру идеясының дәнін егіп кетті. Балаларға арналған әңгімелері арқылы адамгершілік, инабаттық, әдеп заңдарын бала бойына кішкентайдан енгізу керектігін көрсетті. Ол дін, салт – дәстүрмен тәрбиенің байланысын жақсы түсінді. Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» («Шараит – ул – ислам») кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар («Иманшарт», «Кәлем шариф», «Әптиек» т.б.) араб тілінде жазылғандықтан, оның мазмұнын не молда, не оқушы түсінбей, құрғақ жаттаумен болды. Ал діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін – шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндіруді көздеді. [1, б. 21] Былай қарасақ, ислам діні қазақ қоғамында 8 – 9 ғасырлар арасынан бастап таралса да оның шын мәнін дұрыс түсінуге де Ыбырайдың ықпалы тиіп отыр. «Парыз түсу түгіл бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай тағала өзі сақтасын, соның үшін бізбен қатар татар, түркі уә ғайри 16 халықтар аят хадистің 17 мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған қара халық түсініп отыратын бір де бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп қара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша кәпір болып та жүрген шығар», [2, б. 5] – дейді өзінің кітабында.

Жан – жақты талант иесі Ыбырай Алтынсариннің есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Ұстаздың қай шығармасын алмайық, мысалы, «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Бір уыс мақта» бәрі де жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, білімділікке шақырады. Бүгінгі ақпараттық техника заманында да Ыбырай атамның шығармалары мәні мен мағынасы, тәлімдік – тәрбиелік, ағартушылық жағынан алғанда өзінің маңызын әлі жойған жоқ. Сонау 1861 – 1863 жылдары он тоғыз жастағы Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін Торғай өңірінде алғаш рет бір сыныптық мектеп ашу ісін қолға алып, әуелі оның үйін тұрғызудан бастағанының өзі – көзсіз ерлік деп айтуға болады.

Күллі қазақ даласына білім нұрын шашқан, қара халықтың дархан даласына білім қоңырауын соққан Ыбырай есімін әр қазақ біледі. Ыбырай Алтынсарин – халықшыл жазушы, өмір шындығын терең суреттей білген суреткер, заманының елеулі мәселесін көтерген қоғам қайраткері, ұлт ұстазы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы күш – қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекерден бекер айтылмаса керек. Ыбырайдың әкесі Алтынсары молдадан хат таныған қарапайым жан болса, анасы Аймен ертегі – жырларды жаттап өскен сауатты кісі болған. Осындай жандандардан тараған Ыбырайдың қазақ халқын білім нәрімен сусындатуы тегін емес – ті.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – осы, тек осы мектептерде» [3]. Ұлы ұстаздың осы сөзінен – ақ оның болашаққа бағытталған көреген саясатын көруге болады. Ұлттың дамуы ол – ұрпақтың білімді болуында екенін сол кезде түсінген Ы.Алтынсарин қазақ арасында мектептер ашып, халықты жаппай сауаттандыру жұмысына кіріскен. Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар мұның айқын дәлелі. Ол төл туындыларын жазғанда да, орыс және Европа халықтары әдебиетінен аудармалар жасағанда да бір мақсатты қатты ұстанды. Ең алдымен ол туындылардың балалар ұғымына сай олардың қиял – ойын шарықтататындай тағлымды да қызықты болуына баса назар аударады. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік, танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой қиялдың табиғи шынайы ашылуы. [3, б. 138]

Ыбырай педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай – ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды еңгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз ұстаз – тәрбиеші ретінде алдыға мақсат етіп қойған адамгершілік

мәселелерін көреміз. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата – ананы қадірлеу, өнер білімді байлық дәулеттен жоғары қою т.б. жатады. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» – «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырады.

Ыбырай мектебі – қазақ халқын ұлт ретінде азаттыққа жетелеген, күреске дайындаған, ең алғашқы қазақ зиялыларын қалыптастырған мектеп. Кез келген нәрсе нәтижесімен өлшенеді. Ыбырай мектебінің жемісі, бұл – Алаш партиясы. Ал, Алаш арыстарының бәрі – осы мектептің түлегі деп айтуға толық негіз бар. Себебі, олар осы үрдіспен тәрбиеленіп, «Қазақ хрестоматиясын» оқып өскендер. Соның арқасында Әлихан Бөкейханов бастаған тұлғалар қазақтың азаттығы үшін күресіп, мемлекетіміздің негізін қалыптастырды. [4] Себебі, тек білімді, зиялы халық қана халықтың мұн – мұқтажын түсінеді, қалай даму керектігін біледі, елінің мүддесін қорғайды. [4, б 34]

Орыс әдебиетінің ықпалы әсерінен Ыбырай Алтынсарин әдебиетімізге пейзаждық табиғат лирикасын енгізіп, табиғат көріністерін суреттеуге арналған «Өзен», «Жаз» өлеңдерін өмірге әкелді. Мұндай тұтас лирикалық, пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспеген. Бұл оқып отырған адамның рухани дамуына әсер етеді. Табиғат лирикасы арқылы сұлулықты көре білетін сезімтал адамды тәрбиелейді.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Дүние қалай етсең табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» тағы басқа әңгімелері еңбек тәрбиесі мәселесіне арналған. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек ететінін айта келіп, оларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. «Әке мен бала» деген шығармасының түйінін «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың» деп еңбекке, тиянақтылыққа тәрбиелейді. [5, б. 55]

Бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің де алға қойған қағидасының бірі баланы мәжбүрлі емес, білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзыретті тұлғаға айналдыру. Ыбырай балаларға сабақты өте қызықты түсінікті етіп беруге тырысты. Нәтижесінде молдадан сабақ алған балалар бір жылда өздері хат таныса, Ыбырай оқытқан балалар небәрі үш айда оқи алатын, орысша, татарша жаза білетін болды. Заманауи Қазақстанда білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту барысында ұстаздар аталған қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіруге тырысады

Мектеп бағдарламасында Ы.Алтынсариннің шығармашылығын меңгертуге бірнеше сағаттар бөлінген. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ұлы ағартушының тәрбиелік мәні өте жоғары әңгімелері мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып – үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі. Әр шығармасында Ы.Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары өлшемі деп санайды.

Рухани – адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани – адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу арқылы жас ұрпақтың болашағына жол сілтеу – бүгінгі таңдағы маңызды мәселе. Ұлы педагог – ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі мен еңбектері біз үшін мәңгі өшпейтін мұра. Қазақ әдебиетіне түрлі жаңа үлгідегі туындылар, жаңа тақырыптар, жаңа жанрлар әкелген реалист жазушы, ағартушы ақын Ыбырай шығармашылығы – құндылығы жойылмайтын асыл мұра.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мақала «Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой пікірлері» <https://baribar.kz/student/11754/y> – altynsarinnih – pedagogikalıyq – oy – pikirleri/
2. «Мұсылманшылықтың тұтқасы», 5 – бет. «Фатима – принт» баспаханасы 2014. – 64 б.
3. Мақала «Ыбырай Алтынсарин туралы», Ы.Алтынсарин атындағы арқалық педагогикалық институты сайты. Авторы: Қуанышбаев Сейтбек Бекенұлы, ректор
4. «Қостанай таңы» газеті. 26 қаңтар 2021 ж. Ыбырай музейіне 20 ж. Авторы: Салтанат Өтелбаева.
5. «Қазақ әдебиеті» оқулығы, авторы: С.Ч.Тұрсынғалиева, Ә.С.Берекенова, «Арман – ТВ» баспасы 2013 ж.